

2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы

Жобаның атауы: Матуридилік сенім жүйесінің қазақ діни танымындағы орны

ЖТН: AP19680418

Жобаның жалпы қаржысы: 50 902 675,99

Жоба жетекшісі: Нурматов Жахангир Ешбайевич

Тақырыптың өзектілігі: Қазақ халқының ақида тұрғысынан діни танымы имам Матуридидің қалыптастырған Матуридилік сенім жүйесіне негізделеді. Әбу Мансур әл-Матуриди (853-944) Өзбекстанның Самарқанд қаласының Матурид ауылында туылған, Орта Азиядан шыққан ғалым. Ол өзінің өмір сүрген кезеңдегі проблемаларды шешуде өз көзқарастарын рационалды түрде тұжырымдап, Әбу Ханифаның көзқарасын дамытып жүйеге келтірді. Ол Самарқандта мутазила, керрамия, шиа батиния сияқты ағымдарға қарсы күресіп сүнниттік көзқарасты қорғаған кәламшы болып табылады. Оның көзқарастары алғашында Самарқандта қолдау тауып сүнниттік мазхаб болып Мауараннахр және Хорасан аймақтарында кең таралды. Қазіргі таңда Матуриди мазхабы әлем мұсылмандарының жартысынан көпшілігі ұстанатын сенімдік мазхаб болып табылады. Матуридилік ұстаным мен қазақтың дәстүрлі діни танымы сабақтасып келеді. Қазақтың діни танымының мазмұны Матуриди сенімі негізінде қалыптасты. Қазіргі таңда қазақ қоғамында толеранттылық, ақыл ой еркіндігі сияқты құндылықтардың орнына иман мен амал тұтастығын, діни фанатизм мен құдайлық детерминизмді насихаттап халықты ойсыздыққа итермелеп жатқан діни танымы жат, діни тәжірибемізге үйлеспейтін діни ағымдар белең алып жатыр. Сондықтан да қазақ қоғамы үшін маңызы зор әрі қоғамдағы діни ахуалды реттеудің тетігі Матуриди мұрасына оралу маңызды болып табылады. Сонымен қатар Матуриди ілімі мен Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп сияқты қазақ ойшылдарының діни және теологиялық көзқарастарының сабақтастығын зерттеп, ғылыми тұрғыдан тұжырымдау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Тақырыптың мақсаты: Бұл жобада Матуридилік сенім жүйесінің қазақ дүниетанымындағы орны зерттеледі. Қазақ даласынан шыққан ғалымдардың діни және теологиялық көзқарастарының қалыптасуына матуридиліктің ықпалы көрсетіледі.

Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер: Зерттеу нәтижесінде Web of Science базасының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша 35 (отыз бес) процентильтеге ие рецензияланатын ғылыми басылымда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу; сонымен қатар, ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда кемінде 2 (бір) мақала немесе шолу жарияланады. Сонымен қатар «Матуриди және Матуридилік» атты монография жарияланады. Сондай-ақ Әбу Муин ән-Нәсәфидің 4-томдық «Тәбсиратул Әдиллә» еңбегі қазақ тіліне аударылып басып шығарылады.

Зерттеу нәтижелері дінтану, исламтану және теология саласындағы ғылыми-теориялық зерттеулерде қолданыла алады. Сонымен қатар еліміздегі діни тұрақтылықты қамтамасыз етуде, әртүрлі теологиялық мәселелердің шешімін табуда қолданылады. Сондай-ақ ғылыми нәтижелер діни экстремизм мен терроризмге қарсы мемлекеттік бағдарламаның қабылдауда, жастар саясатын дамытуда, дін саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда қолданылады.

Зерттеу тобының мүшелері:

№	Аты-жөні	Scopus Author ID	Researcher ID	ORCID	Жобадағы қызметі
1.	Нурматов Жахангир Ешбайевич	57202089414	AAP-7795-2020	0000-0001-5083-0748	Жоба жетекшісі, Бас ғылыми қызметкер
2.	Абдрасилов Турганбай	55876491300	W-	0000-0001-	Жетекші ғылыми

	Курманбаевич		9774-2018	5976-8258	қызметкер
3.	Мырзабеков Мұратбек Мырзабекович	57193240012	HGB-0373-2022	0000-0003-0525-9831	Жетекші ғылыми қызметкер
4.	Муминова Зульфия Полатовна	-	-	0000-0003-1848-5272	Аға ғылыми қызметкер
5.	Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы	-	HGB-1060-2022	0000-0002-8325-3278	Аға ғылыми қызметкер
6.	Сайфунов Бауыржан Насырдинұлы	58186746600	-	0000-0001-8707-7075	Аға ғылыми қызметкер
7.	Темирханов Батыржан Нұржанұлы	-	-	-	Кіші ғылыми қызметкер
8.	Мауленкул Биболат Жүнісқұлұлы	-	-	-	Кіші ғылыми қызметкер

2023 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі (болған жағдайда)

1. **ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған отандық басылымдардағы жарияланымдар:**
 1. Abdrassilov T.K., Nurmatov Zh.Y., Abzhalov S.U., Hwang S.I. Principles of Abu Mansur Al-Maturidi on the Divine Nature // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 144. – №. 3. – P. 153-166. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-153-166>
2. **Басқа да ғылыми жарияланымдар: -**
3. **Халықаралық, Республикалық конференция жинақтарындағы жарияланымдар:**
 1. Зульфия Муминова. Абу-л-Муин Ан-Насафий ва унинг диний дунёкараши // Tokat 2nd International Conference on Scientific Researches September, 01-03, 2023 Tokat, TÜRKİYE. – 180-184 бб.
 2. Zhakhangir Nurmatov., Batyrzhan Temirkhanov. Religious Issues Expressed in the Works of Kazakh Thinkers at the Beginning of the 20th Century // 1st International Congress of Social Sciences October 20-21, 2023/ Konya, Türkiye. – 163-168.
 3. Zhakhangir Nurmatov., Muratbek Myrzabekov., İmam Maturidi'nin Tefsir Tarihindeki Yeri // "Islamic Civilization in Central Asia: Past and Present", IV International scientific practical conference. October 16 2023, Tashkent.
 4. Ж.Нурматов., Б.Мауленкул. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі адамзатты сүю қағидасы // 9th International Asian Congress on Contemporary Sciences. November 1-3, 2023, Odlar Yurdu University, Azerbaijan. – 661-666.
 5. М.Төлегенов. Қазақ ақын жыраулары шығармаларына имам Матуриди қағидалары // «1920-1950 жылдардағы Сталиндік репрессия зардаптары» атты Республикалық практикалық конференциясы. 01, 2023/ Түркістан. – 86-90 бб.

2024 жылғы күнтізбелік жоспарға сәйкес жарияланған жұмыстардың тізімі (болған жағдайда)

1. ҚР ҒЖБССҚК журналдардағы жарияланымдар:

1. M.Tolegenov, Zh.Nurmatov, T.Abrassilov. The significance of Knowledge and Wisdom in Imam Maturidi's Work “Kitabut Tawheed” // Қаз ҰУ Хабаршысы, Дінтану сериясы. № 1 Том 37 (2024). 73-82 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJRS.2024.v37.i1.r8>

2. Конференция материалдарындағы жарияланымдар:

1. Төлегенов М.Ж. Қожа Ахмет Ясауиға қатысты аңыз-эпсаналардың психологиялық сипаты және оларды оқу-тәрбие ісінде қолдану // «Ғасыр данасы – Қожа Ахмет Ясауи» атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция жинағы. – Түркістан, 2024. - 166-172 бб.

2. Batyrzhan Temirkhanov, Bibolat Maulenkul. Kazak Dinî Düşünürlerinin İnancı ve Manevi Görüşleri Üzerine Bir İnceleme // 6. International Mediterranean Congress 13-15 August 2024, Rome - Italy. ss. 422-424.

3. Нурматов Ж.Е., Төлегенов М.Ж. Имам Матуриди және Ахмет Ясауи дүниетанымындағы діни толеранттылық дәстүрінің маңызы // Ислам дәстүрі мен мәдениетіндегі толеранттылық дискурсы: тарихи және заманауи контексттер: Халықаралық ғылыми конференция жинағы. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2024. – 145-153 бб.

4. Муминова З.П. Яссавийлик тариқати манбалари: «Ҳадийқату-л-Орифийн» асарининг хусусиятлари // Adabiy ta’lim metodologiyasi: Xalqaro tajriba va ilmiy hamkorlik” mavzusidagi Professor Hamidulla Boltaboyev tavalludining 70 yilligiga bag‘ishlangan xalqaro ilmiy-nazariy anjuman materiallari. – Toshkent: MASHNUR PRESS, 2024. – 402-409 bb.

3. Оқу құралы:

1. Имам Матуриди және қазақ ойшылдары: оқу құралы / Нурматов Ж.Е., Төлегенов М.Ж. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 228 б.

4. Аударма:

1. Әбу Муин ән-Нәсафи: Тәбсиратул Әдиллә. 1-том. Ауд. Ж.Е. Нурматов, М.М. Мырзабеков. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 224 б.

2. Әбу Муин ән-Нәсафи: Тәбсиратул Әдиллә. 2-том. Ауд. З.П. Муминова, Ж.Е. Нурматов. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 266 б